

*Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитетінің қаулысымен бекітілді.
Хаттама № 8, 11-т.
2025 ж. «25» желтоқсан.*

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы органдарының қызметіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі «Қадамдап ілгерілеу: идеядан міндеттерді жүйелі кеңейтуге дейін» бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

Осы Бағдарлама Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының (бұдан әрі – Кәсіподақ) кәсіподақ органдарының қызметіне жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) технологияларын енгізудің мақсаттарын, міндеттерін, кезеңдері мен тетіктерін айқындайды.

Бағдарлама сала қызметкерлерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби құқықтарын қорғаудың тиімділігін арттыруға, Кәсіподақтың ұйымдастырушылық, құқықтық, талдамалық (аналитикалық) және ақпараттық қызметін жетілдіруге бағытталған.

2. Нормативтік-құқықтық негізі

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Жасанды интеллект туралы» Заңына, Қазақстан Республикасында 2024-2029 жылдарға арналған жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасына, сондай-ақ Кәсіподақтың Жарғысына сәйкес әзірленді.

3. Жасанды интеллектіні енгізудің мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты – Кәсіподақ мүшелеріне басқару сапасын, құқықтық қорғауды және сервистік (қызмет етуді) қолдауды арттыру мақсатында жасанды интеллектіні қолданудың орнықты жүйесін қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:

- құжат айналымын автоматтандыру;

- құқықтық көмектің сапасын арттыру;
- талдамалық қызметті дамыту;
- кәсіподақ мүшелерімен коммуникацияны жақсарту;
- кадрлардың цифрлық құзыреттілігін арттыру.

4. Жасанды интеллектіні енгізу қағидаттары

Жасанды интеллектіні кәсіподақ органдарының қызметіне енгізу мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- заңдылықты сақтау және қызметкерлердің (жұмыскерлердің) құқықтарын қорғау;
- кәсіподақ мүшелерінің мүдделеріне басымдық беру;
- жасанды интеллект қабылдайтын шешімдердің ашықтығы мен бақылауға алынуы;
- енгізудің кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы;
- дербес деректердің қорғалуын қамтамасыз ету.

5. Жасанды интеллектіні қолданудың негізгі бағыттары

Ұйымдастырушылық жұмыс, құқықтық қызмет, талдау (аналитика) және статистика, ақпараттық-түсіндіру жұмысы, оқыту және біліктілікті арттыру.

6. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Дайындық кезеңі – қажеттіліктерді талдау және жұмыс тобын қалыптастыру.

Пилоттық кезең – жасанды интеллект шешімдерін сынақтан өткізу.

Енгізу кезеңі – қолдану тәжірибесін кеңейту.

Ауқымдандыру кезеңі – талдамалық (аналитикалық) және болжамдық құралдарды дамыту.

7. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың мерзімдері мен жауапты кәсіподақ органдары

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Жұмыс тобын құру	I тоқсан	Кәсіподақтың Атқару комитеті
2.	Процестерді талдау	I-II тоқсандар	Жұмыс тобы
3.	Регламенттерді әзірлеу	II тоқсан	Ұйымдастыру жұмыстары бөлімі

4.	ЖИ-ді пилоттық енгізу	ІІІ тоқсан	Кәсіподақтың Орталық комитеті аппараты
5.	Шешімдерді ауқымдандыру	ІІІ–ІV тоқсандар	Мүшелік ұйымдар
6.	Кадрларды оқыту	жыл бойы	ОК аппараты
7.	Мониторинг және есептілік	тұрақты	ОК аппараты

8. Оқыту және сүйемелдеу

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде семинарлар, тренингілер өткізу, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және ЖИ пайдаланушыларына тұрақты консультациялық қолдау көрсету көзделеді.

9. Тәуекелдер және оларды азайту шаралары

Негізгі тәуекелдер:

- цифрлық дағдылар деңгейінің жеткіліксіздігі;
- ЖИ-ге сенімсіздік, ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қауіптер

Алдын алу шаралары:

- оқыту;
- қолжетімділікті регламенттеу;
- материалдарды міндетті сараптамалық тексеруден өткізу.

10. Күтілетін нәтижелер

Кәсіподақ органдары қызметінің тиімділігін арттыру, құжаттарды дайындау мерзімін қысқарту, құқықтық қорғау сапасын жақсарту және цифрлық мәдениеттің артуы (өсуі).

11. Қорытынды ережелер

Бағдарлама ашық құжат болып табылады және ЖИ қолдану тәжірибесі мен заңнамадағы өзгерістер ескеріле отырып түзетулер енгізілуі мүмкін.